**Дайыр ауылындағы көшеге атау беру туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 16 маусымдағы N 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 11 шілдеде N 5-11-136 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Зайсан аудандық ономастикалық комиссиясының 2011 жылғы 13 сәуірдегі қорытындысы негізінде және халықтың пікірін ескере отырып, Дайыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Дайыр ауылындағы атауы жоқ көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Утебаев Акрамның есімі берілсін.
2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Дайыр ауылдық округінің әкімі Б. Балғабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК